**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2019ж. 22 шілде № 68

Астана қаласы город Астана

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешені) тарифтерді қалыптастыру бойынша 2019 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы**

2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 23-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешені) тарифтерді қалыптастыру бойынша 2019 жылға арналған жұмыс жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) осы бұйрық қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Жоспарды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында және Қордың корпоративтік сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жоспарда көрсетілген құрылымдық бөлімшелері осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы** **Л. Ақтаева**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

22 февраля 2019г № 68

Астана қаласы город Астана

**Об утверждении Плана работ по формированию тарифов на медицинские услуги (комплекс медицинских услуг), оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования на 2019 год**

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения», пунктом 5 Правил формирования тарифов на медицинские услуги, оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования, утвержденных приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 26 ноября 2009 года № 801, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить План работы по формированию тарифов на медицинские услуги (комплекс медицинских услуг), оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования на 2019 год (далее - План) согласно приложению к настоящему приказу.

2. Департаменту координации обязательного социального медицинского страхования Министерства здравоохранения Республики Казахстан, некоммерческому акционерному обществу «Фонд социального медицинского страхования» (далее – Фонд) в течение трех рабочих дней со дня принятия настоящего приказа обеспечить размещение Плана на интернет-ресурсе Министерства здравоохранения Республики Казахстан и корпоративном сайте Фонда.

3. Структурным подразделениям Министерства здравоохранения Республики Казахстан, указанным в Плане, принять соответствующие меры, вытекающие из настоящего приказа.

014144

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра здравоохранения Республики Казахстан Актаеву Л.М.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Исполняющий обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан** **Л. Актаева**

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы «22 шілде» № 68
бұйрығына қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешені) тарифтерді қалыптастыру бойынша 2019 жылға арналған жұмыс жоспары**

| № р/с | Атауы | Жауапты орындаушы | Орындау мерзімі | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмекке ақы төлеу әдістерін жетілдіру** | | | | |
| 1 | Онкологиялық аурулар бойынша КШТ тізімін айқындау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы 1 тоқсан | Ақпарат |
| 2 | ТМККК және МӘМС шеңберінде КШТ бойынша онкологиялық науқастарды диагностикалау және емдеу бойынша тарифтерді есептеу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы 1 тоқсан | Ақпарат |
| 3 | Стационарды алмастыратын көмек жағдайында амбулаториялық химиотерапия жүргізуді ескере отырып, КШТ бойынша онкологиялық көмек көрсетуге арналған шығындарды өтеу бойынша тарифті алдын ала байқаудан өткізу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ, ҚазОРҒЗИ | 2019 жылғы 2-3 тоқсан | Ақпарат |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Стационарды алмастыратын көмек жағдайында амбулаториялық химиотерапия жүргізуді ескере отырып, КШТ бойынша онкологиялық көмек көрсетуге арналған шығындарды өтеу бойынша тарифті алдын ала байқаудан өткізудің қорытындылары бойынша ұсыныстар енгізу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ, ҚазОРҒЗИ | 2019 жылғы 4 тоқсан | Бюджеттік комиссияның карауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 5 | Мамандандырылған стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету кезінде шығын сыйымдылық коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтерді қайта қарау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы желтоқсан | Бюджеттік комиссияның карауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 6 | Емделіп шығу жағдайының ауырлығын (кардиохирургия, миокард инфаркты, инсульт, травматология, инфекция) ескере отырып, КШТ төлеуге арналған тарифті алдын ала байқаудан өткізу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы желтоқсан | Бюджеттік комиссияның карауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| **2. Кешенді тарифті жетілдіру** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Бір АИТВ жұқтырған және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын адамға айына кешенді тарифті қайта қарау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы мамыр | Бюджеттік комиссияның қарауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 8 | Өңірлер бөлінісінде Наркологиялық науқастар тіркелімінде тіркелген, айына психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тарифтерді қайта қарау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы маусым | Бюджеттік комиссияның қарауына ұсыныстар (бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 9 | Өңірлер бөлінісінде Психикалық науқастардың тіркелімінде тіркелген, айына психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тарифтерді қайта қарау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы қыркүйек | Бюджеттік комиссияның қарауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| **3. Медициналық қызметтердің тарификаторын жетілдіру** | | | | |
| 10 | Амбулаториялық емдеу жүргізу кезінде басқа қалалардан келген пациенттердің пансионаттарда тұруы бойынша шығындарға талдау жүргізу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ, МКҰД | 2019 жылғы 1 тоқсан | Талдау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Онкология мен гематологиядағы паллиативтік көмектің тарифтерін әзірлеу | МӘМСҮД, МКҰД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы 3 тоқсан | Бюджеттік комиссияның қарауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 12 | Негізгі орындардағы (өкпе обыры, колоректалдық обыр, меланома) істерді молекулалық-генетикалық тестілеудің жаңа әдістеріне арналған тарифтерді әзірлеу | МӘМСҮД, МКҰД, ӘлМСҚ, ҚазОРҒЗИ | 2019 жылғы 2 тоқсан | Бюджеттік комиссияның қарауына ұсыныстар (Бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 13 | Амбулаториялық емдеу жүргізу кезінде, оның ішінде тиісті есептеулермен МЖӘ шеңберінде басқа қаладан келген пациенттердің пансионаттарда тұруын өтеуге арналған шығындарды медициналық қызметтерге тарифке және тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне қосу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ, ҚазОРҒЗИ | 2019 жылғы 3 тоқсан | Ұсыныстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Мынадай:<br>интраоперациялық сәулелік терапия; радиожиілікті абляцияның гипертермиялық интраперитонеалдық химиоперфузиясы;<br>электрохимиотерапия; гипертермия жаңа медициналық қызметтеріне тарифтерді есептеу | МӘМСҮД, ӘлМСҚ, ҚазОРҒЗИ | 2019 жылғы 2-4 тоқсан | Бюджеттік комиссияның карауына ұсыныстар (бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрық жобасы) |
| 15 | Экстракорпоралдық ұрықтандыру қызметтерін көрсету тарифтерін қайта қарау | МӘМСҮД, ӘлМСҚ | 2019 жылғы Шілде | Бюджеттік комиссияның карауына ұсыныстар (бюджеттік комиссияның ұсынымы бойынша бұйрык жобасы) |

Аббревиатуралардың мағынасын ашу:

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
МӘМСҮД – Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті
МКҰД – Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті
ӘлМСҚ – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ
ҚазОРҒЗИ – Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты
КШТ – клиникалық–шығындық топтар
ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы
ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы
МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Приложение
к приказу Министра здравоохранения
Республики Казахстан от
«22» февраля 2019 г. № 68

**План работы по формированию тарифов на медицинские услуги (комплекс медицинских услуг), оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования на 2019 год**

| № п/п | Наименование | Ответственный исполнитель | Срок исполнения | Форма завершения |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Совершенствование методов оплаты стационарной и стационарозамещающей помощи** | | | | |
| 1 | Определить список КЗГ по онкологическим заболеваниям | ДКОСМС, ФСМС | 1 квартал 2019 года | Информация |
| 2 | Рассчитать тарифы по диагностике и лечению онкологических больных по КЗГ в рамках ГОБМП и ОСМС | ДКОСМС, ФСМС | 1 квартал 2019 года | Информация |
| 3 | Провести предварительную апробацию тарифа по возмещению затрат на оказание онкологической помощи по КЗГ с учетом проведения амбулаторной химиотерапии в условиях стационарозамещающей помощи | ДКОСМС, ФСМС, КазНИИОиР | 2-3 квартал 2019 года | Информация |
| 4 | Внести предложения по итогам предварительной апробации тарифа по возмещению затрат на оказание онкологической помощи по КЗГ с учетом проведения амбулаторной химиотерапии в условиях стационарозамещающей помощи | ДКОСМС, ФСМС, КазНИИОиР | 4 квартал 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | комиссии) |
| 5 | Пересмотреть тарифы за один пролеченный случай по КЗГ с учетом коэффициента затратоемкости при оказании специализированной стационарной и (или) стационарозамещающей медицинской помощи | ДКОСМС, ФСМС | Декабрь 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| 6 | Провести предварительную апробацию тарифа на оплату КЗГ с учетом тяжести пролеченного случая (кардиохирургия, инфаркт миокарда, инсульт, травматология, инфекция) | ДКОСМС, ФСМС | Декабрь 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| **2. Совершенствование комплексного тарифа** | | | | |
| 7 | Пересмотреть комплексный тариф на одного ВИЧ-инфицированного и (или) больного СПИД в месяц | ДКОСМС, ФСМС | Май 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Пересмотреть комплексные тарифы на одного больного с психическими и поведенческими расстройствами, вызванными употреблением психоактивных веществ, в месяц, зарегистрированного в Регистре наркологических больных в разрезе регионов | ДКОСМС, ФСМС | Июнь 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| 9 | Пересмотреть комплексные тарифы на одного больного с психическими и поведенческими расстройствами в месяц, зарегистрированного в Регистре психических больных в разрезе регионов | ДКОСМС, ФСМС | Сентябрь 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| **3. Совершенствование тарификатора медицинских услуг** | | | | |
| 10 | Провести анализ затрат по проживанию иногородних пациентов в пансионатах при проведении амбулаторного лечения | ДКОСМС, ФСМС, ДОМП | 1 квартал 2019 года | Анализ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Разработать тарифы паллиативной помощи в онкологии и гематологии | ДКОСМС, ДОМП, ФСМС | 3 квартал 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| 12 | Разработать тарифы на новые методы молекулярно–генетического тестирования опухолей основных локализаций (рак легкого, колоректальный рак, меланома) | ДКОСМС, ДОМП, ФСМС, КазНИИОиР | 2 квартал 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |
| 13 | Разработать предложения по включению в тариф и методику формирования тарифов на медицинские услуги затрат на возмещение проживания иногородних пациентов в пансионатах при проведении амбулаторного лечения, в том числе в рамках ГЧП с соответствующими расчетами | ДКОСМС, ФСМС, КазНИИОиР | 3 квартал 2019 года | Предложения |
| 14 | Рассчитать тарифы на новые медицинские услуги:<br>интраоперационной лучевой терапии;<br>гипертермической интраперитонеальной химиоперфузии радиочастотной абляции; электрохимиотерапии; гипертермии | ДКОСМС, ФСМС, КазНИИОиР | 2-4 квартал 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной |

(Шайхабенов) (Байжунусов) (Давлетчина) (Гаруненко) (Айтуарова)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | комиссии) |
| 15 | Пересмотреть тарифы на оказание услуг экстракорпорального оплодотворения | ДКОСМС, ФСМС | Июль 2019 года | Предложения на рассмотрение Бюджетной комиссии (проект приказа по рекомендации Бюджетной комиссии) |

Расшифровка аббревиатур:

МЗ РК – Министерство здравоохранения Республики Казахстан
ДКОСМС – Департамент координации обязательного социального медицинского страхования
ДОМП – Департамент организации медицинской помощи
ФСМС – НАО «Фонд социального медицинского страхования»
КАЗНИИОиР – Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии
КЗГ – клинико-затратные группы
ГОБМП – гарантированный объем бесплатной медицинской помощи
ОСМС – обязательное социальное медицинское страхование
ВИЧ – вирус иммунодефицита человека
СПИД – синдром приобретенного иммунодефицита
ГЧП – государственно-частное партнерство